



«ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

**IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2023 жылдың 16-17 ақпаны

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»

**Материалы
IV Международной научно-теоретической
конференции**

16-17 февраля 2023 года

«ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY»

**Proceeding
of the IV International Scientific-theoretical
Conference**

February 16-17, 2023

Астана/Astana, 2023

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МНВО РК

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»

Материалы IV Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2023 года

Астана, 2023

УДК 1/14
ББК 87.0
А 52

Редакционный совет:

Е.Б. Сыдыков, Б.Ж. Сомжүрек, К.А. Медеуова, К.С. Ермагамбетова,
А.Ч. Рамазанова, Д.Т. Толгамбаева

A52

Актуальные проблемы мировой философии: Мат-лы IV Международной научно-теоретической конференции (16-17 февраля 2023 г., Астана, Казахстан). – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023. – 437 с.

ISBN 978-601-337-860-2

В сборнике представлены материалы IV Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии», посвященной 90-летию академика НАН РК ЖАбайхана Мубараковича Абдильдина, лауреата Государственной премии КзССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова, кавалера ордена «Барыс» II степени и кавалера ордена «Барыс» III степени.

В рамках конференции работали секции «Философия и современность», «Этика и моральная ответственность в современном мире» и «Казахская философия в контексте современных реалий: проблемы и перспективы».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубараковича Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14
ББК 87.0

ISBN 978-601-337-860-2

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023

тұлғаның, кейін бүкіл қоғамның моральдік таңдауына айналуы тиіс. Бұл үдеріс ұзақ әрі күрделі екендігі анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Мустафина Т.В. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қиянатсыздық философиясы: мәні және мағынасы» тақырыбындағы диссертация. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, 2021 ж.
2. Brian Martin Researching nonviolent action: past themes and future possibilities // Исследование ненасильственных действий: прошлые темы и будущие возможности // Peace & Change, Vol. 30, No. 2, April 2005. Peace History Society and Peace and Justice Studies Association. 17.05.2019.
3. Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Логика теории современной демократии и проблемы ее реализации. – Астана, Фолиант, 2014. – 344 с.
4. Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Логика формирования целостного, конкурентоспособного человека и модернизация его духовных, нравственных ценностей. – Нур-Султан: ИП «Булатов», 2020. – 182 с.
5. Гусейнов А.А. Возможно ли моральное обоснование насилия? // Вопросы философии, № 3. – М., 2004. – С. 19-27.
6. Хабермас Ю. Будущее человеческой природы. // Пер. с нем. – М.: Издательство «Весь Мир», 2002. – 144 с.
7. Шарп Дж. Политика ненасильственных действий. – Бостон: Издательство П. Сарджент, 1973. – 156 с.
8. Дробницкий О.Г. Моральная философия. Избранные труды. – М.: Гардарики, 2002. – 523 с.
9. Джеймс У. Моральный эквивалент войны // История философии, том 20, Институт философии РАН, – М., 2015.

FTZMP 02.15.51

Балапашев Бекен Сарсенгалиевич

*Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, PhD докторант,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
beken.balapashev@bk.ru*

С. КЬЕРКЕГОР ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗДЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ S. KIERKEGAARD AND THE PHILOSOPHY OF LONELINESS

Abstract: *This article explores the philosophical thoughts of S. Kierkegaard and his works. The article records the thoughts of philosophers who raised the philosophy of loneliness. Being one of the important issues of philosophy, the phenomenon of loneliness is in the attention of some other sciences, such as psychology, pedagogy, linguistics, sociology, cultural and religion studies. The problem of loneliness becomes the most relevant and acute in the context of the modern lifestyle. Understanding the phenomenon of loneliness leads to an understanding of the essence of man, but the problem of loneliness is ambiguous. This problem was considered by many philosophers, such as Aristotle, Platon, E. Fromm, J.P. Sartre, E. Husserl, M. Buber, and is central in their works. The article deals with phenomenological, existential and humanistic approaches to the study of the problem of loneliness and the philosophical experience formulated in the works of world researchers in understanding this problem. As a result of studying loneliness as a philosophical problem, it was determined that it is common to all people but has different characteristics for each person. In world philosophy, there are conflicting views on the problem of loneliness, which has become a common phenomenon in our society since ancient times: 1) loneliness was considered a positive initiative from the point of view of intellectual loneliness, which was allowed in ancient society; 2) loneliness was seen as a multifaceted, insidious disease among social diseases, dangerous to health, against happiness, having negative qualities, causing sympathy and discontent.*

Key words: loneliness, problem of loneliness, philosophical problem, phenomenology, essentia, existentia.

Философия тарихында жалғыздық философиясы деген арнайы бөлім болмаса да, бұл мәселенің бар екені және бар болып қалатыны ақиқат. Жалғыздық философиясына арқау болатын ол «жалғыз» ұғымынан шығатын жалғыздық мәселесінің туындауы. Жалғыздық мәселесінің бар екенін философтар ежелден бері байқап, мәселе ретінде көтерген. Бұл мәселені әсіресе ХІХ-ХХ ғасырдағы Батыс философтары кеңінен қолданған. Соның бірі – ХХ-ғасырда аты да, шығармалары да кең тараған ойшыл Серен Кьеркегор. Ол аса дарынды, жемісті жазушы болды.

С. Кьеркегор өзін «философпын» демей, «жазушымын» деп таныстырады. Оның шығармаларындағы көтерілген мәселелер, жағдайлар, оның басты ойлары қазіргі заманның да өзекті тақырыптарына айналды. Кьеркегор көп оқыған, жан-жақты білімі бар ойшыл. Өзінен қалған кітапханда 2200 том болған. Онда ежелгі грек тіліндегі антик философтарының, орта ғасырлық мистиктердің, шіркеу әкелерінің, неміс классиктерінің және Сократ жөнінде жазылған дүниелердің барлығы болған. Кьеркегор қандай мәселе жөнінде жазса да, өзіне жете таныс, өзі бастан кешкен жәйттарды, өзінің көңіл күйін суреттейді. Оның жазғандарында ойдан шығарылған ештеңе жоқ, оның жазғандарының бәрі шындық және жүректен шыққан ащы шындық. Ол өзінің философиялық ұстанымына сай өмір сүрді, өміріне сай философиясын құрды. Әдебиетте Кьеркегорды «дат Сократы» деп атайды. Өзі де Сократты, оның ілімін аса жоғары бағалаған.

Серен Кьеркегордың негізгі шығармалары: «Или-или» (қазақша «Не-не», «Немесе-немесе» деп аударуға болады), «Рахаттану және борыш», «Үрей және қалтырау», «Өнегелі сөздер», «Өлімге бастайтын ауру», «Өмір және махаббаттың билігі», «Өмір жолдарының белестері» және «Ирония дегеніміз не?» деген атты кандидаттық диссертациясы бар. Ол өзінің аз ғұмырында 14 том күнделіктері мен 14 том шығармалары бар жалпы 28 томды құрайтын еңбек жазып қалдырды.

Кьеркегордың ойынша, философияны қызықтыратын, философияны тудыратын, адамдарды философияға тартып тұратын бір нәрсе бар: ол-адам жаны, ойы, көңіл күйі, адам рухы. Ал адам жанын танып түсіну үшін адамның нақты тіршілігіне назар аударуға тура келеді. Адам қалай өмір сүреді? Қалай өзін сезінеді? Неге қуанады? Неге ренжиді? Неден өкінеді? Өз міріне өзі риза ма, жоқ па? Осы мәселелермен айналысатын философияны «экзистенциализм», «экзистенциалдық философия» деп атайды. Осы философияның алғаш ізашары Батыста С. Кьеркегор болды.

Кьеркегордың пікірінше, философия адамды әрқашан алға, алдыңғы қатарға қоюы керек. Ал оған қатысы бар басқа нәрселерді – табиғатты, қоғамды, тарихты т.б. – адам тұрғысынан, адамға байланысты қарастыру керек. Философия адамды жеке, дара, тұлға деп білуі тиіс, осы күйінде қарастырғаны абзал. Философияның басты міндетін дат философы қолынан келген мүмкіндікті пайдаланып адамның өзімен өзі болуын қамтамасыз ету деп түсінеді. Ол классикалық философияны, әсіресе, Гегельді-адамды елемегені үшін, жалқыны, дараны, жеке адамды жалпыға, (адамзатқа, қоғамға, мемлекетке) сіңіріп жібергені үшін сынайды. Жалпымен айналысатын философия, дейді Кьеркегор, абстракциялар шеңберінде қалып қояды. Сондықтан да Гегель ілімінде идея бар, рух бар, абсолют бар, ұғым бар, бірақ нақты адам жоқ.

«Егер мен – дейді Кьеркегор, моламның басына белгі қойғызыр болсам, оған: «Бұл – жалғыз» деген бір-ақ сөз жаздырар едім». Шынында да ол өмір бойы жалғыз болды, жалғыз болып дара болуға тырысты, өзгелерге сіңіп кетпеуге тырысты» [1, б. 232].

Классикалық философия адамды қарастырғанда оның мәніне, табиғи және әлеуметтік тегіне, қоғамдағы қызметіне, ақыл-ойына айрықша көңіл бөлді. Кьеркегор да оны қолдайды, бірақ, бұл жолмен, оның ойынша, біз адамның өзіндік ерекшеліктерін, жекелігін, даралығын біліп тани алмаймыз да, сөйтіп оған жалпы анықтамаларды таңамыз.

Маған дейінгі классикалық философия ол – эссенциялды философия, заттың мәніне, заңдарына мән беретін философия. Ал жаңа философия – экзистенциалды философия, жалпыдан гөрі жекеге, мәннен гөрі құбылысқа, жеке адамға, жеке адамның тіршілігіне мән беретін философия. Кьеркегор философияға «экзистенция» деген ұғымды енгізді. Бұл ұғым қазір экзистенциализм деген философиялық бағыттың негізгі ұғымы.

Кейбір философтар, дейді Кьеркегор, орасан зор ғимарат-жүйе тұрғызады, бірақ өздері онда тұрмай, сырттағы сарайға жатқанды жақсы көреді. Неге Гегель «Құқық философиясында» өзі дәріптеген, «ақылға сыйымды шындық» деп атаған ұғымдар дүниесінде өмір сүрмейді? Өйткені ол құрған жүйе, Кьеркегордың пікірінше, шындыққа жанаспайтын, абстракциялар дүниесі. Гегельдің ақылға сыйымды шындығы тек теорияда болуы мүмкін. «Жалпы алғанда философияда, - деп жазады Кьеркегор өзінің күнделігінде, – істің жайы өмірде барлық адамдардағыдай: күнделікті өмірде олар өздері теориялық жүйелерінде ұсынған категориялардан мүлдем басқа категорияларды пайдаланады» [2, б. 303].

С. Кьеркегор ешкімге ұқсамаған, өзіндік философиялық жолы бар философ. Оның барлық еңбектері жеке адамды ойлануға, жеке адамға талпыныс беруге арналған. Жеке адамда кездесетін шешуші сәт «шекаралық жағдай» мәселесін де көтереді. Осындай жағдайға тап болғанда адам мүлдем басқа қырынан танылады, бұрын-соңды қабылдап көрмеген шешімді қабылдайды. Кьеркегордың ойынша шекаралық жағдайда адам өзінің экзистенциясымен бетпе-бет кездеседі, өзін өзі сынайды. Мұндай жағдай адамға қайғы-қасіретте, қорқынышта, күнәға батқанда, өзін өзі немесе өзіне қымбат адамды жоғалтқанда кездеседі.

Орыс философы Лев Шестов Кьеркегор жөнінде былай дейді: «Ол бәрін білді және терең түсінді, басқалардан жақсы білді және басқалардан терең түсінді. Соған қарамастан, мүмкін соның арқасында, ол философияда басқаларды қайталамайтын, басқаларға жараспайтын өз жолымен кетті. Егерде бірер сөзбен Кьеркегордың көкейкесті ойларын білдіргіміз келсе, айтар едік: адамның ең үлкен бақытсыздығы – оның ақылға және ақылмен ойлауға кіршіксіз сенуі; философияның бастауы (Платон мен Аристотель ойлағандай) таңырқау емес, торығу. Ол өзінің барлық шығармаларында философияның міндеті – ақылмен ойлаудың ырқынан құтылып, тәуекел етіпақиқатты жұрттың бәрі шым-шытырық және ақылға сыймайды дейтін нәрседен іздеу» [3, б. 299].

Кьеркегордың жалғыз қалуына деген итермелеуші күш оның рухының мықтылығында, рухты, рухани байлықты алға қоюында. Өзін әруақытта бостандықта сезінуі үшін саналы түрде жалғыздықты таңдады. Ал осы жалғыздық деген не? Оны философтар қалай түсіндірді? Осы мәселені қалай көтерді? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

«Жалғыздық денсаулыққа қауіпті және бақытқа қарсы әмбебап дерт ретінде танылуда» дейді, Платон. Аристотель секілді ежелгі ойшылдардың, киниктер мен римдік стоиктер еңбектерінде жалғыздық жағымсыз қасиеттерге ие екендігі көрсетілген. Алайда, кейінгі антикалық мәдениетте адамдардың тар әлеуметтік шеңберіне – данышпандар мен философтарға қызмет ететін жалғыздыққа басқаша көзқарас пайда болды. Ежелгі қоғамда рұқсат етілген жалғыздық – интеллектуалдық жалғыздық – оң бастама болып саналды.

Жалғыздық мәселесін қарастыруда ең дамыған және жүйеленген тәсілдер қатарына феноменологиялық және экзистенциалды тәсілдерді жатқызуға болады. Жалғыздық мәселесіне феноменологиялық көзқарас шеңберінде адамның өмір әлемі ашық динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйе өзінен тыс құбылыстармен байланысып қана қоймай, сонымен қатар осы нақты жүйенің сыртқы ортаға әсер ету сипатымен анықталатын субъективті ерекшеліктері өзара әрекеттесу тізбегін құрайды.

Дж. Хартог және оның әріптестерінің айтуынша, «жалғыздық қоғамымызда кең таралған құбылысқа айналуға болады. Айқын жалғыздық жеке және әлеуметтік рухани салауаттылық тұрғысынан да басты мәселе болып табылады» [4, б. 34].

Соңғы кезде жалғыздықты әлеуметтік дерт қатарына жатқызады, атап айтқанда, ол – жанашырлық пен наразылық тудыратын қауіпті дерт, көп жүзді және арамза ауру.

С. Кьеркегордың пікірінше, «жалғыздық – ішкі өзіндік сананың жабық әлемі, Құдайдан басқа ешкім ашпайтын дүние. Сана-сезімнің жасырын бөлігі қайғылы үмітсіздікке үңіліп, «Мен» тұрақты позициясы мәңгілік үнсіздікке бет бұрады». Демек, жалғыздық концепциясы жеке тұлғаның тағдырына оптимизмнің жоқтығы мен оқшаулықпен сипатталады. С. Кьеркегор адамдарды «өмірдің мәнсіздігінің, күннің баяулығының және шексіз ұзақ уақыттың ғибратты көрінісіне сусындау үшін бір рет жиналған тұн тыныштығындағы жалғыз құстарға» теңейді.

С. Кьеркегордың көзқарасы кейін Э. Гуссерльдің еңбектерінде дамып, экзистенциализм шеңберінде қолданыс тапты. Жалғыздық мәселесі Э. Гуссерльдің теориялық назарында болмағанымен, феноменологиялық философия адамның жеке санасының «монадалық» және «атомарлық» табиғатының ең дәйекті және ұзақ мерзімді негіздемесіне айналды. Философиялық теорияның қатандығына ұмтылған феноменологияда жалғыздық өнімді сананың әмбебап принципінің «теориялық» негіздемесіне ие болды. Абсолюттік субъективизмнің «объективті» принциптерінің «қатаң» теориясын жасауға тырысқан феноменологияның алдында тұрған күрделі мәселе философия тарихында интерсубъективтілік мәселесі аталған (индивидтің басқа танушы субъектілермен теориялық-танымдық қарым-қатынас мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі, олардың жалпы өмір сүруін мойындау) адамның («Мен») жалғыздығы мәселесі болды [5, б. 51].

Э. Гуссерльдің «жалғыз рухани өмір» ұғымына әлсіз және күшті мағына беруге болады. Біріншісі, адам нақты қарым-қатынастан тыс, мысалы, үйде жалғыз болуы мүмкін. Екіншісі, жалғыз рухани өмір мен қарым-қатынас бір-біріне қайшы келмейді, бірақ бір-бірімен жанаспай, әртүрлі жазықтықта жатады. Рухани өмірдің жалғыздығы ұғымын түсіну үшін жалғыздықты рухани өмірдің немесе сананың логикалық немесе психологиялық, этикалық немесе эстетикалық, басқа да кез келген тәжірибемен қисындастырмаймыз, сананың түбегейлі қайталанбайтындығы деп түсінеміз. кез келген тәжірибеде «болуы» мүмкін айырмашылықтар тәжірибесімен байланыстырамыз. Айырмашылықтардың жалғыздығы логикалық және психологиялық, логикалық және грамматикалық, тілдік және тілдік емес тәжірибені ажыратуға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы философиялық бағыттардың ішінде жалғыздық мәселесіне барынша қызығушылықпен және нақты түрде экзистенциализм жақындады. Алайда, адамдардың әдепкі, түпкі жалғыздығы туралы қағидаларын ескере отырып, сол теориялардың өкілдері адамдардың жалғыздықта қалай өмір сүретіні туралы бір пікірге келмеді. Э. Гуссерль феноменологиясында ашылған жалғыздықтың әмбебап моделі ХХ ғасырдағы көптеген философтар үшін әлеуметтік өмір құбылыстарын түсінуге негіз болды. Трансцендентальды жалғыздықты өз сенімінің символына айналдырған экзистенциалды бағытты ұстанушылар үшін басты бағдар болды.

Философияда жалғыздық мәселесінің әдіснамалық қалыптасуына экзистенциализм күшті әсер етті. Феноменологияның жалғыздық мәселесін экзистенциалды түсінуге ең айқын трансформациясы француз философы және жазушысы Ж.П. Сартрдың еңбегінде орын алды. Э. Гуссерльге қарағанда Ж.П. Сартр дүниені батыл түрде субъектілеуге ұмтылды. Ол әлемді «Мен» және «Басқадан» тұрады деп қарастырды. Ол «кез келген «басқа» мен үшін тек объект болып қана қоймайды, сонымен бірге менің ішкі әлемімді, мені қоршап тұрған барлық нәрсені қалпына келтіреді. Соның салдарынан маған «тиісті» басқаның еріксіз ықпалымен менен қашады» [6, б. 449]. Демек, басқа адамның, одан да көп адамдар қауымының араласуы, Сартрдың ойынша, жойылу, дағдарыс, қауіп, қақтығыс болып табылады.

Экзистенциализмде жеке тұлғаның жалғыздығы жабық антропологиялық ғаламның принципіне айналады. Адамның ішкі оқшаулануы кез келген жеке болмыстың негізі болып табылады. Адам әлеммен және басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсе бастаған жерде адам сөзсіз, суық, жансыз, өлі объективтілікке тап болады, ол «сыртқы» нәрсені субъективтіліктің «жауына» айналдырады, бұл өз кезегінде оның бөтенденуіне әкеледі. Өзіне

жат қоғамның кеңдігінде адасып кеткен адамның жалғыздығын Ж.П. Сартр табиғи түрде мылқау енжарлықпен, сенім мен үмітті жоғалтумен байланыстырды.

Экзистенциалист-философ М. Бубердің антропологиясында адам туралы түсінік Құдай мен әлемдегі құдайшылдың «кездесу орны» ұғымынан шығады. М. Бубердің ойынша, жалғыздық та, қауымдастық та өз алдына адам болмысының (экзистенция) іргелі фактілері емес, олар тек абстракциялар. Жалғыз адам – бұл экзистенция, яғни өмір сүру фактісі, өйткені ол басқа жалғыз адаммен өмірлік қарым-қатынасқа түседі. Қауымдастық та адамдар арасындағы өмірлік қарым-қатынастар негізінде құрылғандықтан болмыстың фактісі болып табылады. Дегенмен, адам болмысының іргелі фактісі – «адаммен адам» күйі. Басқа нақты адамнан ерекшеленетін бір адам олар үшін ортақ салада, бірақ сонымен бірге өз салаларынан тыс қарым-қатынас жасау үшін сол адаммен байланысты болады. М. Бубер бұл саланы «арасындағы» деп атайды және оны концептуалды түсінуге мүмкін емес санайды [7, б. 385].

Адамның жалғыздыққа деген наразылығы ХХ ғ. Батыс философиясында пайда болған гуманистік ілімдердің жалпы тақырыбы болды. Бұл бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі Э. Фромм адамның табиғаты оқшауланумен және жалғыздықпен келісе алмайтындығы жайында көзқарасты ұстанып, адамның жалғыздық қорқынышына әкелетін жағдайларды егжей-тегжейлі қарастырды (кеме апатынан кейін ашық теңізге шыққан адамның физикалық күші таусылғаннан әлдеқайда ерте қайтыс болуы, ерте өлімнің себебі ретінде жалғыздықта өлуден қорқу). Сонымен қатар, жеке тұлғаның жалғыздыққа деген күрт теріс қатынасын қалыптастыратын бірқатар әлеуметтік қажеттіліктерді атап өтті. Олар – қарым-қатынас, адамдармен байланыс, тұлғаның өзін-өзі танытуы, сүйіспеншілік, сана-сезім қажеттілігі, бағдарлау жүйесінің қажеттілігі және ғибадат нысанының болуы қажеттілігі. Э. Фроммның пікірінше, тұлғаны бөлшектейтін, дискретті бөліктерге бөлетін жалғыздық сезімі көбінесе агрессияға, зорлық-зомбылыққа, терроризмге, анархияға әкеледі.

Қоғамымызда ежелден бері кең таралған құбылысқа айналған жалғыздық феномені философияда қатар орын алған қарама-қайшы көзқарастарға ие болып келді. Кейбір философтар мен данышпандар үшін жалғыздық ежелгі қоғамда рұқсат етілген интеллектуалдық жалғыздық тұрғысынан оң бастама болып саналса, феноменология мен гуманистік философия тұрғысынан жалғыздық басым түрде әлеуметтік дерт қатарындағы денсаулыққа қауіпті, бақытқа қарсы, жағымсыз қасиеттерге ие, жанашырлық пен наразылық тудыратын қатерлі, көп жүзді, арамза ауру ретінде қарастырылды. Экзистенциализм бағытындағы философтардың пайымдауынша, жалғыздық жабық антропологиялық ғаламның принципіне айналып, кез келген жеке болмыстың негізі болып табылса да, адам болмысының іргелі фактісі «адаммен адам» күйі екендігі айқындалды.

Әлемдік философияда қарастырылған жалғыздық мәселесін толық ашып, мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тарихи және әлеуметтік-мәдени зерттеулер тұрғысынан ұлттық философиялық идеялар мен дәстүрлерді одан әрі дамыту жалғыздық феноменін болашақ зерттеулердің басым бағытына айналуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Рысқалиев Т., Философия тарихына шолу., Орал., 2005 ж. 232 б.
2. Кьеркегор С. Дневник обольстителя. Москва., ЭКСМО-Пресс., 1999 г., с. 303.
3. Лев Шестов, Кьеркегор-религиозный философ. // Кьеркегор С., Дневник обольстителя., Москва., ЭКСМО-Пресс., 1999 г., с. 299.
4. Hartog, J., Audy, J.R., & Cohen, Y.A. (1980). *The Anatomy of Loneliness*. New York: International Universities Press. p. 34.
5. Husserl, E. (1970). *Logical Investigations*. (J.N. Findlay, Trans.). Vol. I. London: Routledge & Kegan Paul. p. 51.
6. Жан-Поль Сартр., Тошнота., Избранные произведения., Москва., 1994. стр. 449.
7. Buber, M. (1952). *Eclipse of God*. New York: Harper & Row. p. 385.